



- Күш батылдыққа ереді.
- Ұланы бар елдің ұраны бар
- Қол жұмылмай – жылынбайды.

20 қаңтар, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

# АРМИЯ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ БОЛУЫ ТИІС

**Кеше Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кенес өткізді.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мұрат Бектановты Қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жаксылықовты тағайындау туралы Жарлықтарға қол қойғанын хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа министрдің кадрлық әскери қызметкер екенін, арнайы білімді Алматы Жоғарғы жалпыәскери командалық училищесінде оқығанын, кейін М.В. Фрунзе атындағы академияда және Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабының Әскери академиясында білімін жалғастырғанын атап өтті.

– Оның тәжірибесі мол. Ішкі әскерде 30 жылдан астам қызмет етті. Ол қатардағы жауынгерден бастап, әртүрлі басшылық қызметтерді атқарды. Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланнның Бас қолбасшысына дейінгі әскери жолдан өтті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштерге деген талаптың күшейіп түскеніне тоқталды.

– Армия Тәуелсіздігіміздің

тірегі болып, мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс. Қантароқиғасы кезінде Қарулы Күштер өзіне сенімсіз әрі қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде оң нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмадық. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Сонымен қатар Президент Қазақстандағы бітімгерлік миссиясын аяқтаған ҰҚШҰ контингентінің жұмысына оң баға берді.

– ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштері Қазақстанға қысқа мерзімге ғана келіп, қорғау қызметін атқарды. Ұжымдық контингент өздерінің тиімділігін және әлеуетін көрсетті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент геосаяси жағдайды және аймақтық деңгейдегі өзекті сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери дайындығын түбегейлі арт-



тыруды талап етті. Ол үшін бірқатар міндетті орындау қажет. Жоғарғы Бас қолбасшының пікірінше, ең алдымен, ел әрі нақты ақпараттармен қамтамасыз етуге тиісті әскери барлау қауіп-қатерлер туралы уақытылы қызметін күшейту керек.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес құрылатын Арнаулы операциялар жөніндегі күштердің Басшылығына маңызды миссия жүктеледі. Сондай-ақ оларға қысқа мерзім ішінде басқа күштік құрылымдармен бірлесіп, барлық ұйымдастыру шараларын қабылдап, арнаулы операцияларды орындауға дайындалу міндеті жүктеледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев қару-жарак сақтайтын нысандарда төтенше жағдайлардың қайталануына жол бермеу қажеттігін еске салды. Осыған байланысты Президент қару-жарактардың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пайдалануға жарамсыз және әрі қарай сақтауға қауіпті қару-жарактарды жою шараларын жүзеге асыруды жалғастыру керек екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан армиясының техникалық және жауынгерлік жабдықтарын жаңарту міндетін жүктеді.

– Әскердегі қару-жарактың дені – 30-50 жыл болған кенес дәуіріндегі техника. Ескірген техникалардың мерзімін өткеннен байланысты қару-жарак паркін жаңарту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қарулы Күштер за-

манауи әрі жоғары технологиялық қару-жаракпен, әскери техникамен жабдықталуы тиіс. Қабылданатын шаралар жүйелі болуы керек. Қару-жарак пен әскери техниканы жөндеу, оларға қызмет көрсететін отандық өндірісті дамыту қажет, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Мемлекет басшысы әскердің шұғыл әрекет ету қабілетін арттырып, әскери-транспорттық авиацияның әлеуетін қушейтеу қажет екеніне тоқталды. Оның айтуынша, әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажет.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қантар оқиғасының сабақтарын ескере отырып, Қару-жарак және әскери техника сатып алу жөніндегі 2022 жылға арналған жоспарды қайта қарауды және Қарулы Күштердегі кадрлық әлеуетті арттыру шараларын қабылдауды тапсырды.

Бұдан кейін Руслан Жаксылықов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі ретінде ант қабылдады.

Жиын соңында Президент жаңа министр және Қорғаныс министрлігінің ұжымына сәттілік тіледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

### Құрметті отандастар! Ардақты ағайын!

2022 жыл халқымыз үшін күрделі де қатерлі сынақтан басталды.

Баршаныңа мәлім, ұйымдасқан экстремистік топтар елімізде жаппай тәртіпсіздік орнатып, террористік шабуыл жасады. Соның салдарынан бейбіт тұрғындарымыз зардан шекті.

Қасіретті оқиға кезінде қаза болғандардың жақындары мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Лаңкестер елдігіміз бен егемендігімізге, тыныштығымыз бен тұтастығымызға қауіп төндіріп, жұрттың берекесін қашырды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шұғыл шешімдерінің арқасында ел іргесі сөгілген жоқ. Мемлекет басшысың қолдау – баршамыздың азаматтық борышымыз.

Ендігі кезекте осы оқиғадан сабақ алып, мұндай бассыздыққа жол бермеуге тиіспіз. Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде атқарған істеріміз аз емес. Қазақстан әлемге танылған еңселі елге айналды. Ұлан-ғайыр шекарамыз түбегейлі бекітілді.

Елімізде іргелі реформалар жүзеге асып, Орталық Азияда көш басталдық. Еуразия жүрегінде, Сарыарқа төсінде жаңа астанамыз бой көтерді. Бірлік барда ешбір жау сағымызды сындыра алмас.

### Құрметті қазақстандықтар! Қымбатты отандастар!

Қантар оқиғалары тұтас Қазақстанды күйзелтті. Қазақстанға жасалған осы ұйымдасқан шабуылдар мен тәртіпсіздіктердің мақсаты елдің тұтастығы мен



мемлекеттің негізін бұзу болды.

Бұл оқиғалар тәуелсіздікті көздің қарашығындай, айрықша ұқыптылықты қажет ететін нәзік шыныдай сақтау керектігін тағы бір рет көрсетті. Қасіретті оқиғалар бәрімізге сабақ болды. Осы ойран мен кісі өлтіруді кім ұйымдастырғанын анықтау маңызды. Бұл сұраққа тергеу жауап береді.

Маған қарата айтылып жатқандарға жауап бере отырып және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға байланысты хабарлаймын: мен 2019 жылы Президент өкілеттігін Қасым-Жомарт Тоқаевқа бердім

және содан бері зейнеткермін, қазіргі кезде Қазақстанның астанасында құрметті демалыстамын, ешқайда кеткен жоқпын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев толыққанды билікке ие. Ол – Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы. Алдағы уақытта Президент Нұр Отан партиясының төрағасы болып сайланады. Сондықтан зиянда ешқандай да қактығыс немесе текетірес жоқ. Бұл тақырыптағы өсек-аян мүлдем негізсіз.

Менің 30 жыл бойы Отанымыз үшін қол үзбей еңбек еткенім баршаға мәлім. Біз оның шекарасын бекіттік. Прогрессілі реформалар жүргіздік. Тәуелсіз Қазақстанды бірге қалыптастырып, әлеуметтік-экономикалық дамуға үлкен нәтижелерге жеттік. Көптеген көрсеткіш бойынша Орталық Азияда ғана емес, ТМД-да да көшбасшы болдық.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықта белгілі әрі беделді мемлекетке айналды. Бұл – барлық қазақстандықтың ұйысуы мен бірлігінің жемісі. Елдегі тұрақтылық пен тыныштық әрдайым менің мақсатым болды. Біздің бәрімізге осы құндылықты сақтау керек. Біз дағдарыстан міндетті түрде өтеміз және бұдан да күшті бола түсеміз.

Президент халықтың ал-ауқатын көтеруге бағытталған жаңа реформалар бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарламаны қолдау қажет.

Құрметті отандастар, сіздерге денсаулық пен бақ-береке тілеймін!

Мемлекет басшысы лауазымында отырып жүргізген жаңғыртулар мен реформаларымызды қолдағандарыңыз үшін алғыс білдіремін.



### Құрметті облыс тұрғындары!

19 қаңтардан бастап облыстағы төтенше жағдай режимі аяқталды. Нәтижесінде 952 адам құқық қорғау органдарына жеткізіліп, 56 қылмыстық іс қозғалып, 97 адам қамауға алынды. Сондай-ақ, 436 әкімшілік іс қозғалып, 154 адам қамалды.

Қылмыс жасағандар заң бойынша жауапқа тартылады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әртүрлі құқық бұзушылық бойынша ұсталған азаматтардың кінәлілік деңгейі анықталып, тергеу шараларын жүргізуде адам құқықтарының бұзылуына жол берілмейді.

Бүгінгі күнге дейін Қызылорда қаласы бойынша стационарға 210 адам жүргізілген. Оның 20-сы емделіп жатыр, 4-і реанимацияда, өкінішке қарай 24-і қайтыс болды. Қаза тапқан отандастарымыздың отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Сын сағатта жаппай тәртіп бұзушылармен күресіп, мемлекет тұтастығын сақтауда алдыңғы сапта тұрып, азаматтарымыздың өмірі үшін жанкештілік танытқан барлық құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне алғысымызды айтамыз.

Ангына берік дәрігерлер де төтенше жағдай кезінде қызметтеріне адалдықтарын көрсетті. От пен оқтын ортасында жүріп, жаралылардың өмірін аман сақтап қалуға тырысты. Бұл ретте барша медицина қызметкерлеріне мың алғыс!

Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жедел ішпа тұрақты жұмыс істеп, 28 блок-бекет қойылды.

Төтенше жағдай кезінде азаматтардың өтініштерін ескеру мақсатында жедел 1414 Call-орталығы құрылып, 90 оператор тұрақты түрде жұмыс істеді. 7 қантардан бастап орталыққа тұрғындардан 100 мыңнан аса қоңырау келіп түсті. Әрбір жолданған қоңыраулар бізге мәселелерді алдын ала сараптап, бірлесіп шешуге көмегін тигізді.

Коммуналдық қызметтер үздіксіз, штаттық режимде жұмыс істеуде. 8 қаңтардан бері қоғамдық көліктер қатынасы реттеліп, 255 көлік қызмет көрсетуде. Теміржол және әуе қатынасының қызметі де кестеге сай жүрде.

Өтпелі кезеңде банк қызметі уақытша тоқтап, қаржы жағынан қиындық болғаны белгілі. Қазіргі таңда 381 банккомат

калыпты жұмыс жасап, кәсіпкерлік нысандары тұрақты жұмыс істеуде.

Басты талап – тұрақтылықты сақтау, өңірдегі әлеуметтік мәселелер бойынша дер кезінде шешім қабылдау.

Бүгінде азық-түлік қоры жеткілікті. Тұрақтандыру қорында 1399 тонна онім сақтаулы. Көрші Түркістан облысымен екіжақты келісім нәтижесінде жетіспейтін азық-түлік бойынша 122 кәсіпкердің тізімі жасқалды.

Әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі азық-түлік өнімі мен газ, дизель отыны және бензин бағасының бекітілген шекті мәннен асырылмауы тұрақты бақылауда. Тапшылықты болдырмаймыз.

Оқиға салдарынан мемлекеттік маңызы бар 9 стратегиялық нысанға шабуыл жасалып, ғимараттарға залал келіп, автокөліктер өртенді. Бүгінгі күні жалпы шығын көлемі 6 млрд теңге шамасын құрады. Кәсіпкерлік нысандарға келген шығын көлемін «Атамекен» ұлттық палатасы қарауда.

Ғимараттарды қайта қалпына келтіру жұмыстары жедел әрі сапалы аяқталуы керек. Қазірде әр нысанның ақау актілері аяқталып, мердігер компаниялар белгіленіп, 350-ге жуық маман қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде. Нысандардың басым бөлігі 20 ақпанға дейін ретке келтірілетін болады. Бүгінгі таңда тіршілікті қайта қалпына келтіру бағытында жүйелі іс-әрекет жасалуда.

### Қалдіріл жерлестер!

Өкінішке қарай, коронавирус індеті қайта өршіп, облысымыз «қызыл» аймаққа енді. Шектеу шаралары күшейіп, оқушылар онлайн форматта оқуда. Дәрі-дәрмек қорында тапшылық туындамайды, төсек-орын санын 3200-ге ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар.

Вирустан сақтану үшін вакцина алып, жақындарыңыз үшін қауіпсіздік ережелерін бірге орындайық!

Бүлікшілермен күрес кезінде азаматтардың көпшілігі патриоттық танытып, келісім мен бірлікті көрсетті. Сынақ кезінде біреу болған барша Сыр жұртына риясыз алғысымызды білдіреміз. Халықтың бірлігімен кез келген қиындықтан шығамыз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бірлікке үндегін ұста-танымдарына қолдау білдірейік! Елдің іргесі берік болсын!

Күшіміз – бірлікте!

## ● НАМЫС

# Ұланы ұлтына пана болса игі

Баса назар аударуды қажет ететін бір нәрсе бар.

Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады.

Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды.

Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия.

Бұл – Отан үшін жаңын салуға бел бұған азаматтардың саналы таңдауы.

Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Сыр өңірінен жыл сайын мың жарымға жуық кейде одан да асатын жастар әскерге аттанады. Мысалы, кешегі өткен күзгі науқанда 700-ден астам жігіт сапқа тұрса, алдағы көктемгі шақыртуға 800-дей азамат Отан алдындағы борышын өтейді.

Денсаулығы мықты, қосымша шыныққан, сауаты жеткілікті, моральдік-іскерлік қабілеті жоғары азаматтар өңірде жеткілікті. Олар ҚР Қарулы Күштері қатарына, ҚР ҰҚК Шекара қызметінде, ҚР ІІМ Ұлттық Ұланы мен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты бөлімдер және Мемлекеттік Күзет қызметінде борыштарын өтеп жүр.

Бір сұрақ бар. Қазақ әскері біз үшін несімен қадірлі? Бейбіт заманның тірегі болып тұрған қазақ әскерінің кешегі мен бүгінгі болмысын тағы бір ой елегінен өткізсек игі.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

### Айбатты әке болмай айбарлы ұл жоқ

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие және идеологиялық, әскери-патриоттық жұмыстары басқармасының бастығы, подполковник Алматы Жақыповпен бірге от



пен оқтын арасынан, дұрысы, тәжік-ауған қақтығысына қатысқан және бір ардагеріміз де қазақ армиясы мен сарбаздары жайлы пікірін білдірді. Кеміретін ашық айтып, жетістіктерді де жоғары бағалап өтті.

– Қазіргі қоғамға айбарлы әке жетіспейді. Ол жоқ болған соң айбатты

ұл да аз, – дейді облыстағы тәжік-ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Орынбайұлы. – Ірі сөйлеуде, ұсақталуға жол бермеуде әкенің рөлі зор. Жігітті жігіт етіп дайындайтын, қызды ибалы етіп өсіретін өз ата-анасы.



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Азаматтық қоғамның айқын мақсаты



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдегі бірқатар үкіметтік емес ұйым өкілдерімен кездесті. Басқосуда ел мүддесі жолындағы бірқатар мәселелер сараланып, алдағы уақытта бірлесіп атқарылуға бағытталған ұсыныстар айтылды.

Кездесуге облыс әкімінің орынбасары Балжан Шөменов, «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының альянсы ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы, «Умай» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйі» мекемесінің директоры, қалалық мәслихат депутаты Анар Ізден, «Ауғанстан соғысының ардагерлері ұйымы»

қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайрадин Баймаханов, «Арал теңізі» қоғамдық қорының төрайымы Айнақұл Баймаханова және жауғаты басқарма басылары қатысты. Аймақ басшысы үкіметтік емес ұйымдар ел өміріндегі маңызды мәселелерде, әсіресе пандемияны еңсеруге белсенді үлес қосып, азаматтықтан жарқын үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті.

Өңірдегі азаматтық қауымдастық көшбасшылары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңына топтасуы керек. Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асыру мемлекетпен қатар азаматтық күштер де білек сыбана кірісетін елдік шаруа деп білемін.

Осы орайда, Сыр өңірінің азаматтық қоғам өкілдері «Қасіретті қаңтар» оқиғасы кезінде облыс халқын келісіммен бірлікке шақырып, ахуалды тұрақтандыру барысында азаматтық белсенділік танытты.

Қоғам белсенділері сын сағатта елдің қауіпсіздігін күзеткен әскерилерге моральлық қолдау білдіріп, волонтерлар мен меценаттар дүрбелең салдарынан зардап шеккен ғимараттарды қалпына келтіру жұмыстарына атсалысуда. Біз аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуде бірлескен жұмысымызды, азаматтық бастамаларды қолдауды одан әрі жалғастыратынымыз болармыз, — деді аймақ басшысы.

Басқосуда ҰЕҰ өкілдері жергілікті атқарушы орган тарапынан көрсетілген қолдау алғыс білдіріп, облыс әкіміне бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Анар Ізден «Қызылорда облысы бойынша «бір терезе» қағидаты негізінде үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету үшін азаматтық орталық жұмысын ұйымдастыру және дамыту» жобасын жүзеге асырылғанын, өңірдегі бірқатар әлеуметтік мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылып, мониторинг жүргізіліп жатқанын айтты.

Қоғамдық кеңестердің құрамын қайта қарап, кенеске ҰЕҰ өкілдерін қосу жолдарын

қарастыруды ұсынды. Аймақ басшысына Қызылорда облысы үкіметтік емес ұйымдары альянсы үйлестіру кеңесінің төрайымы болу және стандарт негізінде жұмыс жасайтын мониторинг, бағалау жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстарын жеткізді. Оған қоса экология, NEEET санатындағы жастар және тағы басқа маңызды жобаларды жүзеге асыруға қаржылай қолдау көрсетуді сұрады.

Қайрадин Баймаханов Мемлекет басшысының бастамалары негізінде әлеуметтік жобаларды әлі де дамыту мәселелерін қозғаса, Айнақұл Баймаханова мемлекеттік тапсырыс барысында кездесетін келергілерді зерттеп, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруді ұсынды.

Облыс әкімі көтерілген мәселелер аймақ үшін маңызды екенін, алдағы уақытта заңға сәйкес жүзеге асыру жолдары қарастырылатынын атап өтті. Әсіресе NEEET санатындағы жастармен жұмысты күшейтіп, пандемия кийіндіктерін бірлесіп еңсеру қажет екенін баса айтты. ҰЕҰ халық арасындағы көтеріліп жүрген өзекті мәселелерді мемлекеттік органдарға дер кезінде жеткізіп, екіжақты келісім орнатуға жұмыс жасау керектігіне тоқталды.

Жылы соңында аймақ басшысы үкіметтік емес ұйымдарды күш-жігері біріктіріп, бар қиындықтарды жеңуге үндейтін Президентің Жаңа Қазақстанды құру бастамасын қолдауға шақырды.

Айта кетейік, биыл 105 жобаға 765 млн теңге қаржы қарастырылды. Облыстағы үкіметтік емес ұйымдар саны жылдан-жылға көбейіп, бүгінде олардың қатары 1000-ға жуықтады.

Су мәселесі: Жол картасы қабылданады

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Су ресурстарының проблемалық мәселелері және оны шешу жолдары туралы онлайн форматта тиісті сала басшыларының есебін тыңдады.

Оған облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалану

ды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шөменов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, ҚР ЭГТРМ Су ресурстары комитетінің су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов және «ҚазСуШар» РМК Қызылорда филиалы директоры Хамит Бимбетов қатыстып, атқарылған жұмыстарды мәлімдеді.



Бахыт Жаханов биыл «Шардара» су қоймасына түсіп жатқан судың төмен деңгейде болуына байланысты, егістікті сумен қамтамасыз етуде қиыншылықтар туындау қаупі бар екенін айтты.

Сонымен бірге, Сырдария өзенінде қалыптасқан жағдайдың алдын алу үшін «Қызылорда облысының су тапшылығы жағдайында елді мекендерді суармалы сумен қамтамасыз етуге және экологиялық бірінші кезектегі жобаларды іске асыру жөніндегі» Жол картасының жобасы талқыланды.

Жол картасы аясында 2022-2025 жылдар аралығында 25 жобаны іске асыру көзделуде. Жол карта 4 (төрт) бағыттан тұрады. Олар — қашыртқы суды қайталама пайдалану, қосымша су көздерін ұлғайту, сумен қамтамасыз етуді жасарту, экологиялық сауықтыру.

Облыс әкімі Жол картасында көзделген жобаларды республикалық бюджет резервінен қаржыландыру жолдарын қарастыруды және Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен тиісті жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Волонтерлар штабы құрылды

Облыстық жастар ресурстық орталығы жанынан жақсылық жасауға бейім жандарды бір арнаға тоғыстыратын волонтерлар штабы құрылды. Оның құрамында қоғам белсенділері, кәсіпкерлер мен студенттер бар.

Жұдырықтай жұмылған сыр-бойлық волонтерлар биыл құрылған экволонтерлық қайырымдылық бағыттары бойынша жүйелі жұмыстарды қолға алмақ. Сондай-ақ, мүгедек жандарға қамқорлық, әскери-патриоттық тәрбие, тегін оқу курстарын ұйымдастыру секілді тың жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар.

Облыстық жастар ресурстық орталығында штабтың ашылу салтанаты мен алғашқы отырысы өтті. Оған облысымыздың белсенді жастары, волонтерлық ұйым жетекшілері, қоғам белсенділері қатысып, ұйым-

ның мақсат-міндеттерімен танысып, алдағы жоспарларын айқындады.

Жылында «Облыстық Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Аскар Құрманшөз сөз сөйлеп, штаб қазірдің өзінде мыңға жуық еріктілерді біріктіріп отырғанын атап өтті.

Бүгінде облысымызда белсенді түрде жұмыс жасайтын волонтерлық ұйымдар жеткілікті. Олардың міндеті мен бағыттары әртүрлі. Еріктілер ұйымдарының басын біріктіріп, жұмыс бағытын бір арнаға тоғыстыру бағытында волонтерлық штаб құрылып отыр.

Бұл — белсенді жастардың биылғы алғашқы басқосуы. Өңірде 50-ге жуық ұйым волонтерлық бағытта жұмыс жасайды. Алдағы уақытта осы ұйымдардың барлығын біріктіріп, облыстың барлық аудандарында штабтың бөлімшелерін ашу жоспарда бар, — деді орталық директоры.

Жылы барысында облыстық еріктілер штабы жасақталып, құрамы бекітіліп, жетекшісі сайланды. Штаб мүшелерінің ұсыныстары тыңдалды. Сондай-ақ, арнайы жасақталған офис ашылып, штаб мүшелеріне таныстырылды.

Айта кетейік, алдағы уақытта «Сыр жастары» облыстық волонтерлық штабына өңірдегі 10 мыңға жуық еріктіні шоғырландыру жоспарланған.

«СБ» ақпарат

Ұланы ұлтына пана болса игі

Шыны керек, біздің қоғамда отбасы ішінде әйелдің ролі тым басым. Екіншіден, бүгінгі мектептегі «Алғашқы әскери дайындық» пәні жоғары деңгейде өтпейді. Рас, өз пәніне адалдықпен қарайтын педагогтар жеткілікті. Жалпы осы пәннің жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруде үлесі барын біз түсінуіміз керек. Сабақ автоматтық оғын ашаумен не сапқа тұрғызып, әрі-бері жүргізумен шектелмейді. Одан жас буынның рухы оянып кетпейді. Күнміз өтсе, айлығым жүрсе дейтін осы пәннің кейбір мұғалімдері бары жасырын емес. Мұғалімдер жиі білімін көтеріп, пән бойынша ылғи өз-өздерін дамыту жұмыстарын жүргізсе, оның білгенін бала да үйренер еді. Екіншіден, ер жігітті дайындауда жалғыз физикалық жаттығу ғана емес, рухани құндылықты да ұмытпаған жөн.

М.Орынбайұлының айтуынша, бір мектепте жоғары сыныпты бітіретін 50 бала болса, ол тізім жергілікті қорғаныс істері жөніндегі бөлімде тіркеліп тұрады. Сол балалармен мектеп кезінен бастап жұмыс істеген ләзым. Алдымен рәміздерді сүюге тәрбиелеу керек. Гимн ойналғанда атып тұрып, қолды кезуде қойып шырқай кететіндей үрдіс болу керек. Ардагерлермен, әскери ерлігімен көзге түскен батырлармен кездесуді жиірек ұйымдастырып, жақын маңда әскери орындар болса, міндетті түрде апарып көрсеткен дұрыс. Көзбен көргенде ғана көңіл сенеді. Сап түзеткен сан әскердің қатарында «мен де тұрасам ғой» деп армандайды. Ал бізде керісінше, мектеп алаңын айналдыра жүгіртіп, әскери форманы бір мезгіл кидіруден асқан емес. Кездесулер жок демейміз, бірақ тым аз.

Заң жүзінде міндеттелу керек

«Әскерге бару-бармау деген сөзді біздің басымыздағы заң жүзінде міндеттелу керек». Бұл — қалалық тәжік-ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қалмұрат Рахматуллаевтың пікірі. Иә, әскерге бару бұрыннан міндет емес пе дерсіз. Бірақ денсаулығы жақын тұрып, түрлі жағдаймен сылтаурататын ұл көп бізде.

Мисалы, әскерге бармаса, мемлекеттік қызметке алмау керек. Бізде көбіне-көп жоғары оқу орнынан кейін бірден жұмысқа тұрып, әрі қарай өз тіршілігін кететіндер бар. Болмаса оқу бітірген соң дипломын қолына бермесін. Әскери кафедралардан бөлек, әрине. Бітірді деген анықтамасын қолына беріп, әскери қызметті міндеттесін. Борышын өтеп келген соң ғана дипломын алып, жұмысқа тұру шартын қойса, қоғамда нағыз ысылған, өмір көрген, жан-жақты азаматтар қалыптасар еді. Ашығын айтпайын, кешегідей мародер-бүлікшілер болмас еді. Өйткені, әскери өмір адамды тәртіптен бөлек, адалдыққа, бірлікке, біреудің затын бүлдірмеуге және қолқұлақшылыққа тәрбиелейді, — деді Қ.Рахматуллаев.

Екі ардагердің де пікірі үндес. Тыңдап қарасаңыз, барлығы мектеп қабырғасындағы жергілікті әскери бөлімге тіркелген ер балалардан басталуы керек. Барлық әскерге жарамды ұлдың тізімі алынып, бөлімнен департаментке, департамент министрлікке жолдау арқылы бір аймақта қанша болашақ сарбаз бары жыл сайын нақтылануы тиіс. Солай етіліп жатқан да болар. Сол нақтылыққа байланысты бюджетке тапсырыс беріліп, төсегі, тамағы, жатар орнының қаржысы шешілгені тағы керек. Солай барлық жарамды ер балаларды алып кетсе... Түгелдей...

— Жок, бізде керісінше, әр облысқа шектеу қойып қойған. Күзде пәлен жігіт, көктемде пәлен жігіт дайындайсындар деген сияқты. Мисалы, бір жігіт әскерге барғысы келеді. Қатарынан қалмасам екен дейді ғой. Военкоматқа келеді. Денсаулығы жақын тұр. Келсе орын жок. Ренішпен, қолын бір

сілтейді сосын. Өкініштісі осы. Әрине, қаржылық мәселе шығар. Бірақ, жасы келіп, денсаулығы жарамды ұлдың барлығы барса, біз бұдан ұтылмаймыз. Құдай қаласа, берер түрлі патриоттық шарға жиі қатыстырасақ екен, — дейді Марат Орынбайұлы.

Құрылысшылар батальоны қайда?

Байқап қарасаңыз, біздегі үлкен қалалардағы көп құрылыстың басында сырттан келген жалдамалылар жүреді. Мәселен, Әзекстан мемлекеті дейкіші. Құрылысқа қажет қосымша күш неге сырттан келуі тиіс?

— Қаншама тұрғын үйлер, мемлекеттік ғимараттар салынып жатыр. Бірақ олардың құрылысшылары өзімізден бөлек, сырттан келгендер. Басым көпшілігі өзбек-тәжік азаматтары. Демек, оларға төлеген жалақы сырт елге кетіп жатыр деген сөз. Ау, неше құрылысшылар батальоны ашып, солардың еңбегін пайдаланбақпа?

Бұрын Кеңес үкіметі кезінде әскери құрылым ішінде мұндай болды емес пе? Белгілі бір шектеу қойып, санаулы баланы әскерге алғашқы, осылай күштік құрылымды көбейткені дұрыс деп есептеймін.

Бұған қоса қос ардагер қоғамның кемшілігін айтпаса бұрын, үй-ішінің ынтымағын тәртіпке келтірген дұрыс деген де пікір айтады. Барлығына жала жабудан аулақпыз. Бірақ «Басқа бала тілден» демей ме?! Отбасында отырып, баланың көзінше айтатын әңгіме болады. Болмайтын да жағдайлар бар. Қазір әкесі отырып мемлекетті жамандаса, шешесі әкіматты қоса сыбайды. Ал оны естіген балада туған еліне, Отанына деген жекеөкініштілік пайда болмай ма? Отбасы басында мұның не қажеті бар? Дұрыс, кемшілік те бар шығар, бірақ оны тиісті орынға жеткізген дұрыс. Кешегі дүрбелеңде жастардың көбін байқадық. Ызақор, шыдамсыз. Мемлекеттің не екенін олар түсініп тұрған жоқ. Бар білері, өз ұйында, өз әке-шешесінен естіп алған жағымсыз дүниелерді ғана көріп тұр. Тағы бір себеп — ұялы телефон. Оның ішінде бәрі бар. Сайттар, атыс-шабыс ойындары. Соны көрген кейінгі буынның кешегі әрекеті тонаушылыққа жалғасқан жоқ па? — дейді кешегі от пен оқтың арасынан аман келген Марат пен Құлмұрат ағамыз.

Өрі әскери өнерге машықтанып, өрі еңбекке пісіп, нағыз ер-азамат ретінде үйіне оралатын болады, — дейді Қалмұрат аға.

Рас. Елде мұндай «стройбат» құрылса, мемлекетке пайдалы да көп. Ең жақсысы, сол жерден құрылысқа қажетті мамандығын ала алады. Мисалы, сылақ сылауға өкемеі бары «сылақшы», кірпіш жүктері ынталысы «тас қалаушы» сияқты өнерді үйренбейді деймісіз? Дәнеркерлеуші, ағаш ұстаы сияқты мамандар бүгінде таптырмайды емес пе?! Тіпті әскери билетіне қосымша осы мамандықты қосып жазып берсе, оның келешек жұмысқа орналасуына да көп көмек.

«Әскерге бармаған жігітке күйеуге тимейтін»

Кейде әзілге жүгініп жатамыз. 7-мамыр мерекесінде кейбір құз-келіншектер тарапынан «бұл әскерге барған жігіттердің мерекесі, саған не қатысы бар» деп, Отан алдындағы борышын өтемеген жігіттерді тұқыртып та алатыны бар. Десе де, әзіл астарында шындықтың да қылаң беріп қалатыны жасырын емес. Бұрын шешелерімізден естіген мынадай сөз болды. «Әскерге бармаған жігітке күйеуге тиіс» деген сөзді естігенімді білмеймін. «Әскерге бармаған жігітке күйеуге тиіс» деген сөзді естігенімді білмеймін. «Әскерге бармаған жігітке күйеуге тиіс» деген сөзді естігенімді білмеймін. «Әскерге бармаған жігітке күйеуге тиіс» деген сөзді естігенімді білмеймін.



көнестік кезіндегі жүйе. Әскерге баруға құлшынып тұрады. Бірақ, бір бірдей жарай ма бұл қызметке? Жас жігіттер арасында көз аурулары кездеседі. Сондай-ақ қан қысымымен ауыратындар жетерлік. Әсіресе, біздің облыста көп. Әбден медициналық сараптамадан өткізіп, жарамды жігіттер ғана әскерге кетуде. Айтпақшы, бұрынғы 2 жылдық мерзім 2006 жылы бір жылға ауысқан. Содан бері әскерге сұранушы көбейіпті. Бір жыл көзді ашып-жұмғанша өтетінін есептепті ме, кім білсін?! Сондай-ақ, әскердегі әлімжеттік жайлы естіген ата-ана баласын жігерсіз де келмейді. Біздің білуімізше, қазір мұндай жағдайлар тыйылған. Подполковниктің айтуынша, Туәлсіздіктің алғашқы кезеңдеріндегі емес, қазіргі әскери бөлімдегі жағдай мүлде басқаша. Тамақтану жағы, маусымдық киім, жоспарлы іс-қимыл, бәрі біртүрлі жетілдірілген. Біртүрлі біртүрлі жетілдірілген. Біртүрлі біртүрлі жетілдірілген.

Бір қарын ашатын дүние бар. А.Жақыпұлының айтуынша, бүгінгі жас буын әскерге баруды құжатты болумен шатастырады. «Әскери билетім бар, демек мен жұмысқа тұрамын». Ал бұл жерде кейбір жігіттерімізде «Отанды сүю», «Азаматтық борышымызды атқару» деген құндылық есте көрінбейді. Екіншіден, қазақ батырларын, тіпті Бауыржан Момышұлын танымайтын жігіттер бар. Оларды танымаған соң, Сыр бойында қанша генерал немесе туған жерімізде қандай батырлар өмір сүргенін сұраудың өзі артық.

— Әскери өмір жігіттің нағыз шындалуына жол ашады. Жай бір жыл уақыт өткізіп, құжат алу емес. Адам тұрғыдан кез келген қиын жағдайға дайындыққа үйретер орын бұл. Бүгінгі ата-аналар да, әскерге талаптанушылар да осыны түсіне екен. Несін жасайрамық, ұлды да, қызды да көп өбектеп кеткенбіз. Балабақшасына да, мектепке де машинамен тасымал. Сәл жел тиіп ауырса, ұясымдап, тіпті, өзіміз киіндіреміз, өзіміз жуындырамыз. Тіпті, күнделікті байқаймын ғой, әскерге дайын баласының артынан жылпай келетін ата-ана да көп. Осыдан кейін болбыр жігіт пайда болмайды деп ойлайсыз ба?! Біз алдымен мұғалім не басқа тұлғаларды жамандамас бұрын өз баламыздың

түзу өсуін қатты қадағалауымыз керек. Өйткені, біз не істесек, қалай жүрсе, ол да сол ізбен келеді, — деп түйіндеді А.Жақыпұлы.

Тағы бір айта кететін жайт, әскерге бару үшін тиісті комиссиядан өтуі қажет. Ал барам деп тұрған адамның алдын кескестейтін сыбайластық деген дерт бар. Мұндай жағдай кездесіп тұрады. Болмаса баласын алып калу үшін денсаулығынан жалған кінорат тауып, өтірік анықтама жаздыратындар да кездеседі.

— Жок дей алмаймыз. Сирек болса да кездеседі. Егерде қандай да бір әскерге денсаулығы жақын тұрып, ол азаматтан әскерге бару үшін ақша сұраса немесе барғызбау үшін де сыйақы дәмтесе, бізде департаментте арнайы «Қарулы күштері — Адалдық алаңы» атауымен колл-центр жұмыс істейді. Нөмірі 1424 немесе 8(7242)24-66-73. Сыбайлас жемқорлық белгісі байқалса, кез келген уақытта хабарласа аласыз. Сондай-ақ әскери билетті міндетімізді өтейміз-ақ жасағып алам деп де бос әурешілік. Екіншіден, бізде әскерге барам деп жүлкінып тұрғандар да, бармаймын деп сұрағысып қашатындар да жеткілікті. Жалғыз ұлын жібергісі келмейтін заңшылығын сұрағанын ата-аналар да келеді бізге. Тіпті спорт шеберлері де бар. Әскерге барғысы келмейді. Себебін де ашып айтпайды. Жұмыс істеймін деп сылтауратады, — деп ашығын айтты подполковник.

Дегенде, бұрынғымен салыстырсақ, қазір жастардың әскери борышын өтеуге деген құлшынысы артқан. Көктем мен күзгі шақыру кезінде 18-ден асқан жас жігіттердің қағазын құшақтап, жергілікті әскерге шақырту бөлімінде кезекте тұрғанын жиі байқап келеміз. Бұл қуантады. Сарбаз атанғандар біржылдық борышын еркін атқарып жүр. Айтпақшы, ақшаңнан төлеп, азаматтық парызын бір айда өтеп жүргендер де бар. Ол да сапта тұрып, қару ұстауды үйренеді. Ал әскери бөлімде келісім-шарт бойынша қызмет ететіндер екібастан көбейген. Иә, атқа қонар азаматтың көп болса, айыбың асқатмай қайтпейді!?

Түйінні айтқанда, намысты ұл өсіру ұядан басталады. Отбасы, оқу орны, әскери өмір, міне, осының бәрінде үлестік ұрпақтың үйлесім тапқанда ғана қорғаның қуатты болмақ. Оны осы қантар көрсетті. Сабағынан нәтиже шыққаны абзал. Ұлтына пана болар ұлан керек, ал оны тәрбиелейтін туған ұлымыз бастап мемлекеттің бар мүмкіндігі біздің асмы қажет.

Президент сөзінің өзегі осында деп ойлаймыз.

ЖОБА

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін және 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері» және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері»

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері» және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері»

Қызылорда облысының Ақпарат және қаржы қызметінің директоры Г. Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысына 1-қосымша

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Table with 5 columns: №, Субсидиялау бағыты, Өлшем бірлігі, 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, тенге, Субсидия көлемі, Субсидия сомасы, мың теңге. Includes rows for selection, breeding, and other agricultural activities.

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін

Table with 5 columns: №, Субсидиялау бағыты, Өлшем бірлігі, 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, тенге, Субсидия көлемі, Субсидия сомасы, мың теңге. Includes rows for selection, breeding, and other agricultural activities.

Хабарландырулар

«Онтүстікқазжеркойнауы» ӨД РММ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 58-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес 17.02.2022 ж. 11 сағат 00 минутта Қызылорда облысы, Қазала ауданы, Өйтеке би кенті, Өйтеке би к-сі, 50 ғимаратында «Арал шөгінді бассейніндегі Восточный учаскесі бойынша тығыздығы 20 км x 20 км 2000 км көлемінде геологиялық-геофизикалық зерттеу (2D сейсмикалық барлау)» объектісі бойынша жұмыстар жүргізу жобасына және Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдау ашық жиналыс түрінде өтетіндігін хабарлайды.

Table with 5 columns: №, Селекциялық және асыл тұқымды жұмыс жүргізу; Қойлардың асыл тұқымды аналық басы; Отаңдық асыл тұқымды қойлар сатып алу; Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың ерекше дарактарының құнын арзандату; Балаара ұясымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыс жүргізу; Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату; Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу; Отаңдық сатып алынған бас; Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған; Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың ерекше дарактарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың ерекше дарактары) құнын арзандату; Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасын ұрығын сатып алу; Бір жынысты; Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу; Отаңдық сатып алынған бас; Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған; Сүт өндіру құнын арзандату; Бағамдағы сиырлардың саны 600 бастан басталатын шаруашылық; Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуелсіз балапан сатып алу; Қой шаруашылығы; Балаара ұясымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыс жүргізу; Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату; Етті және етті-сүтті бағыттағы тауарлық ірі қара малдың аналық басы; Қойдың аналық басы; Жылқының аналық басы; Түйелердің аналық басы; Жынысы.

Ескертпе: Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуелсіз балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуелсіз балапанды, ірі қара малдың және қойлардың ембриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады. Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды. Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибуторлық орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды. Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы «...» №... қаулысына 2-қосымша

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

19 қаңтар 2022 жыл №2 Қызылорда қаласы Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14 қаңтар 2022 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына, 104-бабының 2-тармағына және 7-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14 қаңтар 2022 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №1 Қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін: 1) 1-тармақтың 3)-тармақшасындағы «кинотеатрлар» сөзі алынып тасталсын; 2) 1-тармақтың 9)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын: «9) қосымша білім беру ұйымдарында - жеке сабақтар дәстүрлі форматта, 10 адамға дейінгі - топтық сабақтар, балалар мен ересектердің түзету кабинеттерінде – жеке және топтық сабақтар 10 адамға дейінгі - дәстүрлі форматта оқытылсын;» 3) 1-тармақ келесі редакциядағы 28)-тармақшамен толықтырылсын: «28) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне.»; 4) 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «2. Барлық денгейдегі әкімдіктерге, Қызылорда облысының білім басқармасына, барлық меншік нысанына қарамастан және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларына эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша қамтамасыз ету: 1) 600 оқушыға дейінгі облыс және аудан орталықтарындағы мектептерді - дәстүрлі форматта оқыту; 2) облыс орталығындағы 600 оқушыдан жоғары мектептер - қашықтықтан оқыту форматта оқытуды (ауылдық жерлердегі 600 оқушыдан жоғары мектептер - дәстүрлі форматта оқытуды), бұл ретте қашықтықтан оқыту форматтағы мектептер әкімшілігінің шешімімен 1-2 сыныптарды дәстүрлі форматта оқытуды; 3) ЖОО-лары және колледждердің барлық курс студенттеріне - аралас форматта оқытуды (барлық дәрістер - қашықтықтан оқыту форматта, икемді кесте бойынша: тәжірибелік, зертханалық, семинар сабақтары - дәстүрлі форматта оқытуды). Оқу орны әкімшілігінің шешімі бойынша вакцинацияның толық курсынан алған оқушылар, студенттер дәстүрлі форматта оқытуға жіберіледі.» 2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. 3. Осы Қаулы кол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Д.Жанбергенова

Хабарландыру ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, «Қызылорда су жүйесі» МКМ-і Қызылорда қаласының қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының төмендегі экологиялық жоба құжаттарына – ШПМ, ҚББ, ӨЭБ және ТҚШ жария талқылау нысанында бірыңғай экологиялық порталда (ecorportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдарымен экологиялық порталда (ecorportal.kz) танымал және ұсыныстар мен ескертулер беруге болады.

Хабарландыру

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресоритс» акционерлік қоғамының басшылығы мен еңбек ұжымы компания жұмыскері, «Құмкөл» кенішіндегі суыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының 4-разрядты операторы Иманбердиев Ермектің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасына, бауырлары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.



## «Аңсаған сәбидің» алғашқы бөбегі

Облыста «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша алғашқы сәби дүниеге келді. Оның салмағы 3 келі 800 грамм. Ата-анасы 4 жыл нәтижесіз емделуден кейін жасанды ұрықтандыруға жүгінген.



36 жастағы Жанна Сариева бытыр наурыз айында барлық қажетті құжаттарды жинап, ЭКУ жасату үшін Алма-

тыдағы клиниканы таңдаған. Нәтижесінде күткен үміт, жасалған еңбек оң болып, атустар өмірге келді. Қазіргі кезде ана мен баланың жағдайы жақсы.

Жалпы бытыр осы бағдарлама аясында өңірге 281 квота бөлінген. – 2020 жылы 44 квота бөлінсе, бытыр 281-і бөлініп, барлығы игерілді. Биылға 277 квота бөлінді. Кезекте 720 адам тұр. Кейбір әйелдер 2014 жылдан бастап күтуде, – делі отбасылық денсаулық сақтау басқармасының әдіскері Мира Мырзаханова.

## САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

### «Сары» аймақта бір ғана өңір қалды

19 қаңтардағы Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы жарияланды. Оған сәйкес «қызыл» аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары орналасқан. «Сары» аймақта Түркістан облысы ғана бар.

Коронавирус инфекциясын жұқтырған 13 874 жағдай тіркелсе, 2715 адам індеттен емделіп шыққан. Ал біздің облыста 236 адамнан анықталса, 5 наукас аурудан айыққан.

## Мемлекет меншігіне берілді

«Үкімет «ОКМ операторына» қатысты қаулы қабылдады», деп хабарлайды primeminister.kz.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында 2022 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» қаулы қабылдады. Құжатқа сәйкес «Жасыл даму» АҚ мемлекеттік ұйымы өндіріштердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің опе-

раторы болып айқындалды. «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің утилизациялық алымды өкімшілендіру және тиісті қаражаттарды басқару шеңберіндегі қызметі тоқтатылды. Утилизациялық алым қаражаты есебінен құрылған активтер мемлекет меншігіне берілді. Өндіріштердің кеңейтілген міндеттемелерін өкімшілендіру функцияларын мемлекеттік ұйым – «Жасыл даму» АҚ орындайтын болды.

## «QAZAQSTAN» деген атаумен шығады

«Қазақстан тарихында тұңғыш рет олимпиадалық құрамының формасы қазақша «QAZAQSTAN» деген атаумен шығады», деп хабарлайды Olympic.kz.

Маңызды элементті халықаралық белгіден ұлттық белгіге өзгерту үшін Халықаралық Олимпиада комитетінен арнайы рұқсат алынды. Бұл ретте Қазақстан ХОК-тың үш әріптік кодтарының тізімінде KAZ белгісімен қала берді. Өйткені аббревиатура халықаралық стандартқа сәйкес пайдаланылады. Қазақстан ҰОК ана тілінде дайындалған олимпиадалық киім-кешектің маңызды элементтерінің бірі атлеттерге сенімділік беріп, олар үшін отандастарды қолдаудың символына айналатынына сенеді. «Олимпиада ойындары – ең алдымен үздік атлеттер өз байрағымен шығатын достықпен бейбітшіліктің үлкен фестивалі. Бұл тек спортшылар үшін ғана емес, өз командаларын қолдайтын барлық жанкүйер үшін маңызды

оқиға. Олимпиада кезіндегі кез келген жабыққа басты назар аударылады. Сондықтан ел атауының «QAZAQSTAN» деп жазылуы әлемдік қауымдастық аясында өте маңызды қадам болып саналады.

Қазақ мәдениетінің ұлттық элементтері форма дизайнында халықтың салт-дәстүрлері мен өзіндік ерекшелігін атап өту үшін әрқашан да маңызды рөл ойнайтын. Біздің шетелдік әріптестеріміз жана жазуға жоғары баға берді. Біздің атлеттерге де форманың жана элементі ұнайтынына сенімдіміз. Олимпиадашылар – Қазақстанның шетелдерге маңызды елшілері. Сондықтан біздің отандастарымыз командамызға – өз командасына қолдау көрсетеді деп үміттенеміз, – деп атап өтті Ұлттық Олимпиада комитетінде.

Балалар мен жасөспірімдердің компьютерлік ойындарға әуестігі, тіпті тәуелділігі деп айтуға болады, кешелі-бүгін басталған үрдіс емес. «Баланың ойынында тұрған не бар?» деуіңіз ықтимал. Алайда «өрімдей жастардың бойында жолындағыны жайнап өтетін агрессия қайдан пайда болды?» деген сауалдың бір ұштығы осыған барып тіреледі.

Гүлбану МАҚАЖАН,  
«Сыр бойы»

## Баламыз не ойнап, не ойлап жүр?

Тәуелділік пе, ермек пе?

Жаңалықтар мен әлеуметтік желіде жасөспірімдердің, тіпті қыздардың қатарластарын аяусыз ұрып-соғуы, вандализм әрекеті жиі айтылады. Бір басы ашық нәрсе, ата-ана, ұстазы мұндай тәрбие бермейтіні анық. Біздіңше, қантөгіске құрылған компьютерлік ойындардың әсері мен баланың қараусыз жүруі – мәселенің өзгеі. Адам өлтіру жолы, қарудың түрлерін ойын арқылы аңдаған бала санасында көрген дүниені өмірде жүзеге асыруға деген талпыныс туатыны анық.

«Қасіретті қантар» кезінде қатыгездіктің ондаған мысалын көрдік. Жастардың арасында ғимараттарды қиратып, сауда нысандарын тонаған, ол аздай, арандатушы топтың жетегіне еріп, суық қару қолданғандары да бар. Бірақ бұл атыс-шабыс ойыны емес еді.

Ата-ана әрі кетсе, телефонға жармасқан баланың денсаулығына алаңдар, алайда оның психологиялық зиянын екшей бермейді. Кей отбасы заманауи технологиялар баланы тәрбиелеуші құрал емес, оның ермегі ғана болуы керектігін білсе де, компьютерлік ойынға бөлген уақытын қадағаламайды. Алғашқыда еркілігі деп мән бермесе, кейін әуестігі, тіпті тәуелділігі салдарынан баланы ойыннан аластата алмай жатады. Осы тұрғыда жастар арасында танымал компьютерлік ойындарды мысалға келтіріп, олардың бала психологиясына зияны төңірегінде ой өрбітейік.

Алдымен компьютерлік ойындар бірінші кезекте ата-ана қарауынан тыс қалған балаларға қауіпті. Мамандардың пікірінше, шамадан тыс ақпараттар тасқыны баланы еңсарлыққа душар ететін көрінеді. Интернетті өзінің бірінші серігі, ал компьютерді досы етіп таңдаған жан айналасындағы адамдармен еркін араласу кабинетін лезде әлсіретіп алатын тәрізді. Әуестігі асқина келе бала өзгенің мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге түседі екен. Адамдармен, тіпті өзінің туыс-туған, бауырлары, әке-шешемен араласудан қашақтайтын күйге түседі. Бұл сатыдағы баланы дер кезінде райынан қайтарып, жөн көрсетпесе, шынайы өмірді виртуалға айырбастап жіберетіндей дәрежеге жетеді екен.

Мұның түп-төркініне үңілсек, қоғамдағы түрлі олықлықтың шеті шығады. Мамандардың пікірінше, өз-өзіне сенімсіз, тұрмыста кездесетін қиын түйіндерді шеше алмайтын жасөспірімдер және әке-шеше қарауынан тыс қалған балалар бейім болатын көрінеді.

– Интернет қарым-қатынас, бетпе-бет сөйлесуден қиындық көретін адамдар үшін қауіпсіз балама шынады. Мазасыздықты болдырмау үшін адам компьютерлік ойындарды қолдана бастайды. Ойында бұл қолжетімді: ол жерде мәртебе бар, басқа ойыншылар оны тани бастайды. Сондықтан виртуалды шындық оған тартымды

болады, ол жерде өзін жайлы сезінеді. Өртүрлі зерттеулерге сәйкес, интернетке тәуелділіктің 86%-і депрессиядан, назар жетіспеушілігінен және гиперактивтіліктен шизофрения мен эпилепсияға дейінгі басқа бұзылулармен үйлеседі. Тәуелділік дамыған кезде көбінесе бұл кейбір психикалық бұзылуларға, соның ішінде жеке басының ойлау әрекетінің бұзылуына әкеледі. Теориялық тұрғыдан алғанда, ойындар – деструктивті мінез-құлқының катализаторы, – дейді психолог Сымбат Әбдірахманова.

### Лудоманияның белгілері қандай?

Атыс-шабыс ойындарын ойнайтын балалардың жүйкесі тез жұқарады екен. Бұдан бөлек компьютер ойнағаннан кейін көзі ауырып, оқу ұлтануы, шамадан тыс ақпараттар тасқыны баланы еңсарлыққа душар ететін көрінеді. Интернетті өзінің бірінші серігі, ал компьютерді досы етіп таңдаған жан айналасындағы адамдармен еркін араласу кабинетін лезде әлсіретіп алатын тәрізді. Әуестігі асқина келе бала өзгенің мұң-мұқтажын түсінбейтін, айналасындағылардың жан қиналысын сезіне бермейтін, яғни жүрегі селт етпейтін халге түседі екен. Адамдармен, тіпті өзінің туыс-туған, бауырлары, әке-шешемен араласудан қашақтайтын күйге түседі. Бұл сатыдағы баланы дер кезінде райынан қайтарып, жөн көрсетпесе, шынайы өмірді виртуалға айырбастап жіберетіндей дәрежеге жетеді екен.

Жақында Санкт-Петербургтегі В.Бехтерев атындағы психоневрологиялық институт зерттеу жұмысын жариялады. Онда ғалымдар компьютерге әуестіктің он белгісін айқындады. Компьютер алдында ойын ойнап бірнеше сағат отыру, ата-аналармен кикілжіңге бару, үйге кешігіп келу, сабаққа үлгерімі нашарлау, сабаққа жиі бармай қалу, бұрынғы достарымен қарым-қатынас азаюы негізгі белгі екен. Сондай-ақ, өзі секілді компьютерге үйір-сектермен ғана араласуы, күнделікті ақшаға сұранысы көбеюі, ұйқысы бұзылып, зейіні мен есте сақтау қабілеті нашарлауы, көз жанары төмендеуі де тәуелділіктің бір белгісіне кіреді.

Ғылымда мұндай тәуелділікті лудомания деп атайды, яғни, шамадан тыс

ойынпаздық дерті. Жалпы компьютердің адам физиологиясына зияны орасан. Дене белсенділігінің аздығы, компьютер клубтарында жарық, белгілі температура, санитарлық нормалардың сақталмауы жасөспірім организмнің дамуына кері әсерін тигізеді. Оның үстіне компьютер дис-

дік беру, әділетті болу деген сөз емес.

Ресейдің Ұлттық бақылау агенттігі тұрғындардан осы ойында лаңкестердің жағында ойнауға тыйым салуды талап еткен. Терроризмге қарсы күрестің алдыңғы шебінде тұрған мемлекет ретінде бұл ойынды мемлекетке қарсы

тулға болып қалыптасуды дегенге сенеміз едім. Тіпті мұндай сюжетке қаныққан бұныға ата-ананы сыйлау оған деген шексіз құрметтен туатыны сенімдіре де оңай іс болма-сын аңыз.

### Бала көргенін істейді

Жақында қызық ақпарат оқыдым. Британдық оқу орындары Netflix-те шыққаннан кейін танымал болған «Кальмар ойыны» сериалына байланысты алаңдаушылық білдірті. Мектептер балаларға оңтүстік-кореялық сериалды көрсетпейді сұрап ата-аналарына хат жіберуге мәжбүр екен. Оның себебі балалар мұғалімнен триллерде ұсынылған жағдайларға қатысуға рұқсат сұраған көрінеді. Ал сериал желісі бойынша ойында жеңілгендерді қатал өлім күтіп тұр. Сондықтан Лондон тұрғындары балалар «Кальмар ойынына» еліктесе, оның салдары не болмақ дегенді айтады. Ал бізде ше? Қазақ балалары арасында да бұл ойын танымалдыққа ие болды. Тіпті осы сериал кейіпкерлерінің масканы киіп жүр. Сондықтан зорлық-зомбылық элементі бар ойыннан баланы аулақ ұстаған жөн.

Келесі бір қиындық, мультфильм кейіпкерлерінің ерсі қылықтарын ешкім жазаламайды. Күнделікті тіршіліктегі жіберген қателіктері үшін, тиісті ережелерді сақтамағаны үшін ешкім оларды бұрышқа тұрғызып, «былай істеуге болмайды» деген ишара танытпайтын байқаймыз. Ал мұндайды көрген кішкене көрермен неңі жақсы, неңі жаман екенін айырмай, олардың санасында «бәрі де жасауға болады» деген ой қалыптасары аян. Бала көргенін қайталайтын білеміз. Ой-өрісі толысқан шақта мультфильмдердегі кейіпкерлерге еліктеп, олардың қимылын қайталаймын деп неше түрлі қауіпке душар болуы ықтимал.

### Мультфильмнің бәрі мейірімге үндемейді

Байқасаңыз, бұрын бала көретін мультфильмдерді таңдау, оларды саралау мәселесі өзекті емес еді. Үйдегі бүлдіршін шетелдік бейнеөнімді көргені өзіне ғана емес, қоғамға да қауіпті деп алаңдамайтын.

Ал қазір заман басқа, талғам бөлек. Оның үстіне кинематография, әсіресе, мультфильмді идеология құралы етіп алған түрлі пилоттық топтың қаптауы тағы бар. Сан алуан шоу арқылы назар аударғып, кейін баланы қатыгездік, өрескел әрекет пен агрессияға баулытын элементтерді астыртын насихаттайды. Еркін қоғам, сүзгісіз ғаламтор әсерінен бұл үрдісті тұрақты бақылау да қиынға соғады. Сол себепті бүгінгі баланың көз алмай қарайтын мультфильмінің нені меңзейтінін саралап көрейік.

Жалпы балалар мультфильмі ертегі мен аңыз-әңгімелердің желісінде, моральдық құндылықтарды сақтаса ғана пайдалы. Алайда кейбір бейнеөнімдерді көріп, сапасына мән берсек, бұл ұғымдардан алшақ кеткен. Көптеген шетелдік мультфильмде агрессивті сарын басым. Мәселен, жақында ғаламтордан шетелдік мультфильмді көзім шалды. Жарық сағатқа созылатын оның ұзындығы бұлайша өрбиді. Ойын алаңында әкелі-балалы көңіл көтеріп жүреді. Бес жасар ұлына әкесі оңды-солды қылыш сілтеуді үйретумен болады. Соңында бала қолындағы тақты сілтеп қалған шақта әкесі оған: «Балам, сен менің басымды шауып алдың» деп күледі. Алғашқы минуттарынан-ақ мән-мағынасыз сюжетке толы мультфильмді өшіруге тура келді. Бұл бір қарағанда жай әзіл әңгіме немесе бала көңілін аулау үшін таңдалған оқиға желісі болып көрінуі мүмкін. Алайда қылмыс жасауға үнділікті медиаөнімді тұтынытын бала келешекте толыққанды